



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Түркістанда экобазар ашылды

Түркістан жұртшылығы мен қонақтары үшін Қазақстанда теңдесі жоқ Экобазар ашылды, азық-түлік өнімдерінің жәрмеңкесі өтті. Онда Түркістан өңірінің ауыл шаруашылығы еңбеккерлері мен тауар өндірушілерінің өнімдері ұсынылды. Берекелі жәрмеңкеге Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев арнайы

рының концерттік бағдарламасы ұсынылып, наурыз жырлары жырланды. Наурыз кеше таратылды. Өмірзақ Шөкеев жұртшылықты мерекелен қаттықтап, тарихи Түркістанның келешегі жарқын боларына сенімді екенін жеткізді.

—Қадірлі Алаш жұрты! Құрметті түркістандықтар!



қатысты.

Экобазар—элеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасын тұрақтандыруға бағытталған. Және өндірушілердің өнімдерін делдалсыз тікелей сату жүйесін қалыптастырады. Сонымен бірге, экобазар—туризмді дамытуға бағытталған жол. Өйткені автовокзал жанында, халықаралық әуежайға барар жолда орналасқан сауда кешенінде Түркістан өңірінің барлық өнімдері ұсынылады.

Мерекелік жәрмеңкеге 50-ге жуық тауар өндірушінің 411 тоннадан астам ауыл шаруашылығы өнімдері базар нарқынан 15-20 %-ға төмен бағада ұсынылды. Атап айтсақ, 55 тонна ет пен ет өнімдері, 148 тонна көкөніс және

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні — Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Шешірге толы Түркістан облысының қонақжай және еңбекқор, бірлігі жарасқан халқы жылды толайым табыстармен қарсы алып отыр. Облыстың инфрақұрылымын жақсарту, елдің әлеуетін көтеру бағытында жүйелі жұмыс атқарылып келеді. Түркі әлемінің орталығы — Түркістан қаласы жаңа кейіпке енді. Үш жылдан астам уақыт ішінде Түркістанның инфрақұрылымы қаланып, тұрғын үйлер салынды, халық игілігіне қызмет ететін ғимараттар саны күрт артты. Өңірде «Жасыл белдеу» аумағы ұлғайып, су қоймалар салынды. Баршаңызды Ұлыстың ұлы күнімен құттықтай отырып, отбасыларыңызға амандық, әрбір бастамаларыңызға сәттілік тілеймін, — деді Өмірзақ Шөкеев.

Осы іс-шарада өңір басшысы республикалық және өңірлік БАҚ өкілдеріне сұхбат берді. Үш жылдан астам уақыт ішінде жүзеге асқан жобаларға тоқталып, Жаңа Қазақстанды құру бағытындағы бетбұрыстарды баяндады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауымен Түркістанды Түркі әлемінің орталығына айналдыру жұмыстары жалғасып жатқанын мәлімдеді.

Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі.



уәкілге Конституциялық сотқа жүгіну құқығын беру туралы Президент бастамасы аясында омбудсмен Мемлекет басшысына Еуропа Кеңесі Венеция комиссиясының ұсыныстары жөнінде жеткізді. Аталған бастама Қасым-Жомарт Тоқаевтың жуырдағы Жолдауында айтылды.

Эльвира Әзімова Президентке адам құқықтары саласындағы екінші шаралар топтамасы бойынша әзірленіп жатқан ұсыныстарды та-

Президент Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Эльвира Әзімованы қабылдады

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің 2021 жылы атқарған жұмысының қорытындылары, соның ішінде азаматтардың құқықтарын қайта қалпына келтіруге көмектесу үшін қабылданып жатқан шаралар туралы мәлімет берілді, деп хабарлайды Egemen.kz Ақордаға сілтеме жасап.

Эльвира Әзімова Мемлекет басшысына сотқа дейінгі тергеу сатысында оның ішінде қаңтар оқиғасы аясында адам құқықтарын қорғау мәселелері жөнінде баяндады. Сонымен қатар Президентке құқық қорғау органдарының қызметі туралы заңнаманы жетілдіру, төтенше жағдай режимі кезінде адам құқықтарын қорғау және алқабилер сотының мандатын кеңейту жөнінде ұсыныс берілді.

ныстырды.

Кездесу қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтардың құқықтарын тиімді қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар тапсырма берді. Мемлекет басшысы уәкілдің Бас прокуратурамен тығыз байланыста болып, халыққа тергеу нәтижелері туралы кеңінен ақпарат беру қажет екенін атап өтті.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

«Түркістанның жаңа келбетін үлгі ретінде көрсетуге болады»

Түркістанда ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қазақстандықтарға арнаған биылғы Жолдауындағы міндеттерді орындау мәселелері бойынша партияның облыстық активінің мәжілісі өтті. Жиынды облыс әкімі, «Атапат» партиясының облыстық филиалының төрағасы Өмірзақ Шөкеев төрағалық етіп жүргізіп отырды. Актив отырысына партияның облыстық филиалының атқарушы хатшысы Бейсенбай Тәжібаев, саяси кеңес мүшелері, қоғамдық кеңестер мен бастауыш партия ұйымдарының төрағалары, мәслихат депутаттары, партия ардагерлері мен белсенділері, үкіметтік емес ұйымдар және БАҚ өкілдері қатысты.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында алдағы уақытта жүзеге асатын мемлекеттік басқару ісіндегі басты өзгерістерге тоқталды. Елде Парламенттің ықпалын күшейтудің алғышарттарын ұсынды. Саяси трансформациялар қоғамдағы әділдікті орнатып, ел дамуына ерекше серпін беретіндігін айтты. Мемлекет басшысының ұсынысымен еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымына өзгерістер енгізіледі. Бұл тарихи әділеттілікті қалпына келтіріп қана қоймай, жергілікті тұрғындардың әлеуметтік жағдайына да оң ықпалын тигізеді анық. Біз бұған өзіміздің Түркістан облысының бүгінгі келбеті мен тыныс-тіршілігін мысал ретінде көрсете аламыз, — деген Өмірзақ Шөкеев Жолдаудағы бағыттар Жаңа Қазақстанды құруға деген үлкен талпыныс, зор мүмкіндік екенін атап өтті.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша облыстық партия филиалының атқарушы хатшысы Бейсенбай Тәжібаев саяси ұйымдағы жаңа бастамалар мен модернизациялау бағытындағы атқарылып жатқан жұмыстар жайын баяндады.

— Облыстық және аудандық мәслихат депутаттарының, жауапты басқарма мен жергілікті құрылымдық бөлім мамандарының қатысуымен мобильді қоғамдық қабылдаулар жүргізілуде. Алғашқы қабылдаулар Қазығұрт, Созақ аудандарының шалғай ауылдарында өтті. Қабылдауларға 244 азамат келіп, өз өтініштерін білдірді. Олардың негізгі көтеріп отырған мәселелері: жаңа мектептер салу, субсидия, ішкі жол құрылысы, ауыз су, жайылым жер, электр энергиясы мен интернет сапасының нашарлығы, денсаулық сақтау және тұрақты жұмыспен қамту жайы. Бұл жұмыстар биыл 1 маусымға дейін 14 ауданның ең шалғай ауылдарында жалғасады. Облыс көлеміндегі бастауыш партия ұйымдарында зерделеу жұмыстары жүргізіліп, 21 БПҰ-да қоғамдық қабылдау бөлмесін ашу қолға алынды. Сонымен қатар облыстық партия филиалы жанынан құрылған

12 қоғамдық кеңес оңтайландырылып, саны 8-ге азайды. Ал, аудан, қалалардағы кеңестердің саны 9-дан 5-ке кеміді. Қалай десек те, бүгінгі Жолдау ел тарихында «Жаңа Қазақстан» тұжырымдамасын іске асырудың басты, құнды құжаты ретінде саналары анық, — деді Б.Тәжібаев.

Актив жиынында Сауран аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Ахметов, «Turkistan» телеарнасы ақпараттық-сараптамалық бағдарламалар департаментінің директоры Г.Матенова, Келес аудандық мәслихатының депутаты Д.Абдиев Жолдауға қатысты ойларын ортаға салды.

Мәжіліс соңында Ө.Шөкеев Жолдауды жан-жақты саралау үшін аудан, қалаларда актив жиналыстарын өткізуді, халыққа кең көлемде насихаттауды тапсырды.

«Оңтүстік Қазақстан» газетінен.



өзге де тауарлар әкелінген.

Наурыз мерекесі Түркістандағы «Жібек жолы» саябағында да ұйымдастырылды. Мұнда қазақ мәдениеті мен руханиятынан сыр шертетін іс-шаралар өткізілді. Еңселі киіз үйлер тігіліп, қолөнер шеберлерінің көрмесі өтіп, қазақтың әндері шырқалды. Ұлттық спорт түрлері насихатталып, ойындар ойналды. Өңірдің эстрада жұлдызда-

Жаңа саяси реформалардың тұжырымдамалық негіздері

1. Суперпрезиденттік басқару формасынан Парламентті мықты Президенттік республика тәсіліне түбегейлі өту
2. «Мықты Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласын іс жүзінде орындау
3. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын дамытуға бағытталған саяси реформалардың 4 пакетінің лайықты жалғасы
4. Реформалар жүйелі әрі кешенді түрде іске асады. Негізгі саяси институттардың барлығын қамтиды
5. Реформаны жүзеге асыру барысында Конституцияның 30-дан астам бабына, 7 Конституциялық заңға және 15-тен аса заңға өзгеріс енгізу көзделеді
6. Реформалар барлық деңгейдегі билік өкілдеріне де, қоғамға да жаңа моральдік-этикалық ұстаным ұсынады
7. Президент бағдарламасында қоғам қайраткерлерінің, сарапшылардың, ҰЕҰ-дың пікірлері мен ұсыныстары ескерілді. ҰҚСҚ мүшелерімен және аймақтарда талқылаулар жүргізілді. Парламент депутаттарының, Конституциялық Кеңестің, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғарғы соттың ұсынымдары назарға алынды



НЕГІЗГІ МІНДЕТ-МЕМЛЕКЕТТІК САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ

Мемлекеттік қызметтерді көрсету – халықтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сақтауды қамтамасыз ету белгілерінің бірі болып әкімшілік кедергілерді азайту, халыққа мемлекеттік қызметтерді көрсету тиімділігін арттыру және мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету болып табылады.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев ұсынған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының басты мақсаты – азаматтардың түйткілді мәселелерінің оң шешілуін қамтамасыз ету болып табылады. Сонымен қатар, мемлекеттік қызмет көрсету халықтың игілігіне, азаматтардың сұранысы мен талап-тілектеріне бағытталуы тиіс.

Сондықтан, мемлекеттік қызмет көрсетудегі ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің негізгі функциясы өз құзыреті шегінде мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ету болып табылады. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, іске асыруды, іске асыру мониторингін және осы тапсырыстың нәтижелерін бағалауды жүзеге асырады.

Сонымен қатар, жеке тұлғаларға және коммерциялық емес ұйымдарға мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу жөнінде ақпараттық, консультациялық, әдістемелік қолдау көрсетеді.

Осы орайда, 2021 жылы Түркістан облысының мемлекеттік органдарымен 372 мемлекеттік қызмет түрі көрсетіледі. Жалпы облыстағы қызмет беруші мекемелер тарапынан 18 039 195 қызмет көрсетіліп, оның ішінде, электронды түрде 17 446 986 қызмет көрсетілген. Бұл ретте, электронды түрде қызметтер алу үлесі 2020 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 5,6 пайызға артып, нәтижесінде 96,7 пайызды құрап отыр.

Өз кезегінде, «электрондық үкімет» порталы арқылы халыққа мемлекеттік қызметтерді көрсетуді бір терезе принципі бойынша жеңілдету құрылған. Бұл мемлекеттік орындардың барлық қызметтері мен функцияларының



электронды түрі. Яғни мемлекеттік органдар қызметіне онлайн режимде қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Онлайн қызметтер әрқашанда қолжетімді болуы тиіс. Бүгінгі таңда egov.kz порталында қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін 500-ден астам ақпараттық жүйелер мен 1500-нан астам интеграциялар жұмыс істейді. Бұл жұмыстың негізгі бағыты – мүмкіндігінше барлық қызметтерді проактивті форматқа көшіру – яғни қызмет көрсету бастамашысы азамат емес, мемлекет болады.

Әрине, барлық мемлекеттік қызметтерді электронды форматқа ауыстыру мүмкін емес. Себебі медициналық тексеріс сияқты кейбір қызметтер бар. Дегенмен, мемлекеттік қызметтер барынша онлайн режимге ауыстырылса сыбайлас жемқорлықта, бюрократия да азаймақ. Ең бастысы қоғамның мемлекеттік қызмет алуға деген сенімі артады.

Айта кету қажет, азаматтардың мемлекеттік органдарға сенімін арттыруда Департаменттің Мемлекеттік қызмет көрсету басқармасы 2021 жылы мемлекеттік қызмет көрсету заңнамасын сақтау мәселесі бойынша 31 тексеру жүргізіп, нәтижесінде 3982 бұзушылық анықталған.

Оның ішінде, мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін сақтамау – 3441 (86,4%), қызмет көрсету мерзімін бұзу – 201 (5%), жұмыс мерзімін сақтамау – 103 (2,5%), мемлекеттік қызметті толық емес құжатпен ұсыну 74 (1,8%) құраған. Бұзушылықтардың басым бөлігі кеден ісі, жер қатынастары және ауыл шаруашылық салаларында орын алған.

Департамент ұсынысымен заң бұзушылықтарға жол бергені үшін мемлекеттік орган-

дардың 65 қызметкері әртүрлі тәртіптік жауапкершілікке тартылған. Сондай-ақ, Департаментпен жүргізілген тексерулер нәтижесінде ӘҚБК 465-бабымен әкімшілік құқық бұзушылыққа жол берген лауазымды тұлғаларға қатысты 92 әкімшілік хаттама түзіліп, 3 398 305 теңге айыппұл өндірілген.

Осы ретте, Департамент мемлекеттік органдар арасында мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыру мақсатында әдістемелік көмекті ұдайы көрсетіп отырады.

Мәселен, 2021 жылы жергілікті атқарушы органдар мен орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері арасында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің тәртібін түсіндіру мақсатында 568 іс-шара өткізілді.

Ия, мемлекеттік қызмет қашанда мінсіз болуы тиіс. Себебі, елдің ертеңі соларға байланысты. Бір сөзбен айтқанда, қазіргі таңда мемлекеттік қызмет билік пен қарапайым халық арасын жалғайтын алтын көпірге айналды. Яғни, даму кезеңімізде мемлекеттік қызметті жетілдіруге бағытталған реформалар жүргізіліп, уақыттың көші жылжыған сайын мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талаптарда барынша күшейтіліп келеді. Демек, бұл мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын жетілдіру мәселесі әрбір орган қызметінің басты бағытына айналуы тиістігін көрсетеді.

Д.А. СУРТЕКОВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істер агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет көрсету басқармасының басшысы.

ТЕРІСКЕЙДЕГІ НАУРЫЗ ТОЙЫ

Наурыз – ежелден келе жатқан шығыс халықтарының мейрамы. Наурыз күн мен түннің теңескен, жаңа жылдың басы ретінде ерекше аталып өтеді. Бұл күнді – қазақ халқы ұлттық нышанның барлық сән- салтанатын көрсетеді.



Созақта Наурыз мерекесін тойлау тал көшеттерін отырғызудан басталды. Созақ ауданының Құрметті азаматтары, меценаттар Ту алаңында тал көшеттерін екті.

Шолақорған ауылының Орталық алаңы мен 4 мөлтек ауданында Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі тойланды.

Ақшаңқай киіз үйлер тігіліп, Наурыз көже таратылды, ет асылып, дастархан жайылды. Мерекелік жиында аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, аудандық мәслихаттың хатшысы Бегімбет Байғараев халықты Наурыз мейрамымен құттықтап, жаңа жылда жаңа табыстар тіледі. Аудан экономикасының әртүрлі салаларында еңбек етіп жүрген бірқатар азаматтарды марапаттады.

Аудан өнерпаздары, сахналық көріністер мен ұлттық нақыштағы әндер орындап, халықтың ықыласына бөленді.

Мереке аясында қазақтың ұлттық ойындары қазақ күресінен, арқан тартудан, бір тасын көтеру спортынан жарыстар өтіп, Наурыздың сәнін келтірді. Орталық алаңда аудан өнерпаздары ұлттық нақыштағы ән айтып, күй тартты, би билеп, концерттік бағдарлама қойылды.

Ұлыстың ұлы күніне орай орталық ипподромда ұлттық ат спорты көкпар ұйымдастырылды.



«АБАЙ» ПАРКІНДЕГІ ЫРЫС ПЕН ЫНТЫМАҚ МЕРЕКЕСІ

Наурыз мерекесін «Аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімі», «Созақ үні газеті», Кадастр, «Жастар орталығы», Халыққа қызмет көрсету орталығы, Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі мекемелері бірлесіп ауызбіршілік пен ынтымақта қарсы алды. Осы аталған мекемелердің күшімен аудан орталығындағы «Абай» саябағында өткен наурыз мейрамы көптің көңілінен



шықты десе де болады. Биылғы наурыз ауылдың әрбір жерінде бөлек-бөлек өтуімен ерекшеленді. Келген қонақтар мен көше тұрғындары да дән разы. Шараға аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, аудан әкімінің орынбасары Ақәділ Сатыбалды, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетовтер келіп қатысып, ауыл, көше тұрғындарын мерекелендіріп, ауыл ақсақалдары ақ баталарын берді. Шара кезінде жастар алтыбақан теуіп, мекемелер арасында білекті жігіттер арқан тартысып мерекеленіп аша түсті.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Жуантөбе ауылдық округі әкімі қызметіне үміткер Абраев Дауржан Жолдасұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы



Абраев Дауржан Жолдасұлы 1986 жылы 7 ақпанда Созақ ауданы, Жуантөбе ауылында дүниеге келген.

Жуантөбе ауылындағы Сәкен Сейфуллин атындағы жалпы орта мектепті 2003 жылы бітірген.

2003 жылы Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне мемлекеттік грант негізінде оқуға түсіп, аталған университетті 2007 жылы философия мамандығы бойынша бітірген.

07.05.2008-13.04.2009 жылдары Созақ аудандық ішкі саясат бөлімінің бұқаралық ақпарат құралдарының нұсқаушысы.

14.04.2009-28.03.2011 жылдары Созақ ауданының Жуантөбе ауыл әкімі аппаратының жетекші маман бюджетті жоспарлау және орындау жөніндегі бухгалтер-экономисті, бас маман іс-басқарушы міндетін қоса атқарушы.

28.03.2011-10.06.2016 жылдары Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы.

10.06.2016-18.04.2018 жылдары Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Мыңжылқы» мәдениет сарайы МКҚК директоры.

18.04.2018 жылдан қазіргі таңға дейін Созақ ауданының Жуантөбе ауылдық округінің әкімі қызметін атқарып келеді.

Менің басты мақсатым-округке орта және шағын кәсіпкерліктің дамуына қолдау жасау, тұрғындардың өз кәсібін ашу үшін әр түрлі қаржы институттарынан жеңілдетілген несие алуға жол сілтеу, бағыт-бағдар көрсету. Жұмыссыздықты азайту.

-Жуантөбе ауылдық округі әкімі аппаратының әкімшілік ғимаратының құрылыс жұмыстарын бақылап, ағымдағы жылы пайдалануға қабылдау;

-2022 жылы Әйтеке би көшесіне асфальт жол төсеу;

-2022 жылы топырақ жолдар мәселесі шешімін тауып, Қазыбек би, Қожақ Омарұлы, Әжібай Жақсыбайұлы көшелеріне орташа жөндеу (қиыршақ тас) жұмыстарын жүргізу;

-2022 жылы Абылай хан көшесіне жарықтандыру жүйесін жүргізу;

-2023 жылы ауыл тазалығын ретке келтіру мақсатында қатты тұрмыстық қалдықтар тастайтын полигон құрылысын салуға;

-2023-2024 «Беккери» шұңқыры мен «Мал емдейтін станок» құрылыстарын салуға;

-2023-2025 жылдары жарықтанбаған Қазыбек би, Қожақ Омарұлы көшелері мен негізгі қажетті көше аралық жолдарға жарықтандыру жүйесін жүргізуге;

-Қоңыратарық елді мекенінде ауыз су мәселесін шешуге;

-2024-2025 жылдары ауылдағы қажетті электр желілерін жаңарту жұмыстарын ұйымдастыруға.

-Ауылдық округ жастарының бос уақытын тиімді пайдалану, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында жұмыстар жүргізуге;

-Ауыл ішіндегі мәселелерді дәстүрге айналған мерейтойлық кездесу ұйымдастыратын мектеп бітіруші түлектердің демеушілігімен шешу жұмыстарын жалғастыруға.

-Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды ұтымды пайдалану арқылы жаңа кәсіптер ашу, мал басын асылдандыру, ауыл шаруашылығы техникаларын жаңарту жұмыстарын ұйымдастыруға;

-«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы негізінде халықпен бірге болуға, ауыл тұрғындарымен бірлесе отырып түрлі шараларды ұйымдастыруға;

-Халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдап, жұмыссыздық деңгейін төмендетуге, әлеуметтік көмек көрсетуге;

-Отбасылық құндылықтар мен салауатты өмір салтын насихаттауға, ауыл жастарына рухани-патриоттық тәрбиеге баулуға;

-Ауыл аумағын көркейту, тазалық, абаттандыру жұмыстарын жүргізу.

Қымбатты сайлаушылар!

Ауылымыздың ертеңі қандай болатыны Сіз бен Бізге байланысты.

Сіздің даусыңыз – өз жақындарыңыз бен ауылдастарыңыздың бақытты және бақуатты өміріне қосқан үлесіңіз!

Сондықтан Сіздерді сайлау учаскесіне келіп дауыс беруге шақырамын.

Сайлауға келіңіз! Мен үшін дауыс беріңіз!

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жуантөбе ауылдық округіне әкім лауазымына тіркелген кандидаттар

Тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)	Туған жылы	Атқаратын лауазымы (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері
1.Абраев Дауржан Джолдашович	07.02.1986 ж	Ауылдық округ әкімі. Созақ ауданының Жуантөбе ауылдық округі әкімінің аппараты. Созақ ауданы, Жуантөбе ауылдық округі, О.Анарбеков көшесі №17А
2.Сабеков Бахытжан Анетбекович	24.05.1987 ж	А.Байтұрсынов атындағы орта мектеп. Мұғалім Созақ ауданы, Шолақорған ауылдық округі, Алтынсарин көшесі №32
3.Арқарбекұлы Руслан	22.06.1988 ж	Қарақұр ауылдық округі әкімі аппаратының әскери есеп столының бас маманы. Бас маман. Созақ ауданы, Қарағұр ауылдық округі, Қарағұр ауылы, Батырбеков көшесі №38

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Аудан әкімі азаматтық танытты

Ажал айтып келмейді. Биылғы қаңтар айының 18 жұлдызында, Құмкент ауылының 5 бірдей тұрғыны ірі жол көлік апатынан қайтыс болды. Алтынбековтер әулеті орны толмас қайғыға ұшырады. Бір отбасының ғана емес, естіген елдің жүрегін ауыртатын тым ауыр қаза. Марқұмдардың артында ұл мен қызы, аңырап атана, бауырлары қалды.

Сол бір ауыр күндерде, ауданға әкім болып жаңадан тағайындалған Мұхит Сексенбайұлы Тұрысбеков қайғылы хабарды естіп, Құмкенттегі азалы үйге ат басын бұрып, көңіл айтып, құран бағыштады. Тұрғындармен кездесу барысында да шиеттей жетім қалған балалардың есімін тебіреніспен есіне алды. Туған күндерінде құттықтап тұрамын деп уәдесін де берді.

14 наурыз Амал күні. Қазақ халқы үшін осындай ерекше мейрамда кішкентай балапан Раянаның да дүниеге келген күні. Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков жұбайы екеуі арнайы келіп, Алтынбеков Әшімхан ағамыз бен Баймаханова

Қаламқас апайымыздың шаңырағында болды. Раянаны туған күнімен құттықтады. Жылы лебізін арнап, туған күніне сый-сияпат жасады. «Періштелердің өмірі ұзақ болып, үлкен азамат болсын», - деген тілегін де білдірді. Балалардың басынан сипады.

Қасиетті Құран Кәрімде: «(Ей Мұхаммед!) Олар сенен жетімдер туралы сұрайды. «...олармен араласып (өмір сүріңдер) жасаңдар. Олар сендердің діндес туыстарың...», - деген. Қазақ халқы да «Жетім көрсең жебей жүр» дейді. «Орнында да бар оңалар», - демекші ел азаматтары мен бауырлары аман тұрса, ертең-ақ үлкен азамат болып өсеріне сенеміз.

Балалардың туған күнін ұмытпай, елеп-ескеріп келген аудан әкімінің азаматтығына біртүрлі ішің жылыды екен!

Жәнібек ЕЛШІБАЕВ,
Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназиясының тәрбие жөніндегі орынбасары.

Қоғамдық кеңес төрағасы сайланды

Аудандық Қоғамдық кеңесі жаңа құраммен, алғашқы отырысын өткізді. Жиынды жұмысшы комиссияның төрағасы Талғат Шаймерденов ашып, кеңес мүшелерін таныстырды. Жұмысшы комиссияның төрағасының айтуынша, аудандық қоғамдық кеңеске үміткер ретінде 33 адам құжат өткізген. Сол үміткерлердің ішінен 22 азамат жұмысшы комиссияның сұхбаттасуынан өтіп, комиссия мүшелерінің дауыс беруімен 13 адам таңдалған. Қоғамдық кеңестің жаңа құрамы қатысқан жиын барысында қоғамдық кеңестің мүшелері Қазақстан



Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес Сапаров Мұрат Жексенбайұлын бір ауыздан дауыс беру арқылы төраға ретінде сайлап, жауапты қызметті абыроймен атқаруын тіледі.

Қоғамдық кеңес мүшелері халықтың амандатын арқалап, жауапкершілікті мойындарына алғандықтан, алдағы уақытта аудан деңгейіндегі мәселелерді шешуде ашықтық пен тиянақты жұмыс көрсетуге уағдаласты.

«Созақ үні»-ақпарат».

Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің атқарған жұмыстары және алдағы жоспары туралы осы бөлімнің басшысы Байзақов Дулат Есалыұлымен кездесіп шағын сұхбат жүргізген едік. Осы сұхбатты оқырман қауымның назарларына ұсынамыз.



ЕЛГЕ ЕТКЕН ЕҢБЕКТИҢ

-Дулат Есалыұлы, осы қызметке келгеніңізге екі жылға жуықтап қалыпты, десе де «Сүтіршілік нәрі» деген тәмсілді ойға алатын болсақ, көкейге ауданымыздағы тұрғындарды ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі ойға оралады. Осы тұрғыда өзіңіз осы қызметке келгелі қандай игі шаралар жүзеге асырылуда? Және алдағы уақытта атқарылуы тиіс жоспарларыңызбен бөліссеңіз?

-Расында бұрынғы аудан әкімі сенім білдірген соң 2020 жылдың сәуір айында осы бөлімнің басшысы қызметіне кірістім. Ал енді нақты сауалға келсек, аудан бойынша 10 ауылдық округ пен 2 кенттегі 35 елді мекеннің бүгінгі таңда 28 елді мекені 97% орталықтандырылған ауыз су құбырларымен қамтылған. Оның ішінде 19 елді мекен тәулігін 24 сағат, 9 елді мекен уақытпен ауыз сумен қамтылған. Аудан көлемінде орталықтандырылған ауыз су құбыры жүргізілмеген Сарыжаз, Балдысу, Қарабұлақ және Басбұлақ елді мекендерінің жер асты су қоры бекітіліп, 2021 жылы ауыз су тарату нысаны үшін мемлекеттік жер актілері алынып, сәулет-жоспарлау тапсырмасы (СЖТ) әзірленген. Жобалау-сметалық құжаттамалар (ЖСҚ) әзірлеу үшін аудандық бюджеттік комиссияға және Түркістан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына қаржы бөлуге сұраныс берілген. Ал алдағы атқарылатын жұмыстарға келсек, биыл 2022 жылы аудан орталығы Шолаққорған ауылы тұрғындарын тәулік бойы ауыз сумен қамту мақсатында «Шолаққорған ауылының Ақшам және Наурыз мөлтек аудандарын ауыз сумен қамтамасыз ету құрылысы» жұмыс жобасы әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынып, құрылыс-монтаждау жұмыстарына қаржы бөлу үшін Түркістан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына сұраныс берілген. Ағымдағы жылы Құмкент ауылындағы ауыз су тарату нысанындағы су тазарту қондырғыларына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін аудандық бюджеттен қаржы қаралды, алдағы уақытта мердігерді анықтап, құрылыс жұмыстары жүргізіліп, үстіміздегі жылы пайдалануға беру жоспарлануда. Қарақұр, Қозмолдақ ауылдарының тұрғындарын тәулік бойы ауыз сумен қамту мақсатында облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы тарапынан ағымдағы жылы жер асты су қорын зерттеу жұмыстары ба-

сталды. Жер асты су қоры бекітілгеннен кейін ЖСҚ әзірленетін болады. Сондай-ақ экономикалық жағынан тиімсіз болып есептелетін Қақпансор және Қоңыратарық елді мекендерінің тұрғындарын ауыз сумен қамту үшін облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы тарапынан жер асты су қорын бекіту жұмыстары ұйымдастырылуда. Ағымдағы жылы жер асты су қорын зерттеу жұмыстары басталатын болады.

Сызған ауылының тұрғындарын тәулік бойы ауыз сумен қамту мақсатында облыстық басқарма арқылы жер асты су қоры бекітілген, қазіргі таңда су тарату нысаны үшін жер теліміне мемлекеттік жер актісін алу жұмыстары жүргізілуде. Ағымдағы жылы сәулет-жоспарлау тапсырмасы әзірленіп, ЖСҚ дайындау жоспарлануда.

керленіп, 98%-ы траншеяға көмілген және АГТС қондырғыларының орындары дайындалған.

2022 жылға қалған 2 213 940,0 мың.тг қаржы бөлінген жағдайда АГТС қондырғылары орнатылып, құрылыс-монтаждау жұмыстары толық аяқталатын болады. Оның ішінде аудан орталығы Шолаққорған ауылын табиғи газбен қамту туралы айтар болсақ, «ОҚО Созақ ауданы Шолаққорған ауылдық округінің газ тарату желісін салу» жұмыс жобасы (жалпы құны - 3 560 727,0 теңге) бойынша 2021 жылы - 1 045 232,0 мың теңге қаржыға 140 шақырымды құрайтын 80-ге жуық көшеде орналасқан 3354 абонентке газ құбыры жүргізілді.

Ағымдағы жылға - 1 434 232,0 мың.тг қаржы қаралды, қалған - 972 865,0 мың.тг қаржы бөлінген жағдайда Шолаққорған ауылына газ

жолдары.

2021 жылы ұзындығы 47 шақырымды құрайтын 44 көшеге орташа жөндеу жұмыстары аяқталып, пайдалануға берілді. Қалған 5 көшеге орташа жөндеу жұмыстары 2022 жылға өтпелі.

Аудан бойынша 403 шақырымды құрайтын елді мекендердің ішкі көшелерінің 195 (48%) шақырымы асфальт болса, 2021 жылдың қорытындысы бойынша 219 (54%) шақырымға жетіп отыр.

Осы жолға қатысты 2022 жылға атқарылатын жұмыстарға келер болсақ, асфальтты бетон жабындысы төселмеген аудандық маңызы бар «КХ-2-«Созақ-Тасты-Қылти» 0,8 шақырымды құрайтын автомобиль жолына құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін жобалық сметалық құжаттамалары әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды.

Ағымдағы жылға «Ауыл ел бесігі»



-Бүгінде көптің көкейінде жүрген, айтпаса да көзінен ұғатын сұрақ газ тарту мәселесі. Осы тұрғыда аудан жұртшылығына айтарлықтай нендей жаңалығыңыз бар?

- «ОҚО Созақ ауданында АГТС бар магистральды газ құбыры-тармағын салу» жұмыс жобасы (жоба құны - 4 110 002,0 теңге) бойынша - 2019-2021 жылдар аралығында 1 813 255,0 мың.тг қаржыға Жаңатас қаласы бұрылысынан Созақ ауданына дейінгі магистральды газ құбыры мен АГТС құрылысы аралығында 840 дана электр бағаналары орнатылып, 15 ш.к. электр желілері жүргізіліп, 4 дана найзағайдан қорғау құрылысы орнатылды. 43,8 шақырым құбырға арналған траншея дайындалып, құбырлар дәне-

құбыры толық жүргізілетін болады.

-Дулат мырза, «Жолаушының ақысы жүрсе бітеді», «Жол мұраты жету» деген ұлағатты сөз қалдырған халқымыз қашанда жол қадірін бағалаған, жол өмірдің қайнар көзі. Осы жолмен ауданымызға ас-ауқат, киім-кешек, жалпы адам тіршілігіне қажетті барлық нәрсе келеді. Сол себепті аудан көлеміндегі автомобиль жолдары, оның сапасы мен құрлысы туралы не айтарыңыз бар?

-Жалпы аудан көлемінде 917 шақырым автомобиль жолдары бар. Оның 435 шақырымы облыстық маңызы бар жолдар, 79 шақырымы аудандық маңызы бар жолдар, 403 шақырымы елді мекендердің ішкі

мемлекеттік бағдарламасының І-траншы бойынша аудан аумағындағы елді мекендер ішілік 30,4 шақырымды құрайтын 19 көшеге орташа жөндеу (13 көшені асфальттау, 6 көшеге қиыршық тас төсеу) жұмыстарын жүргізу үшін республикалық бюджеттен 363 589,0 мың.тг қаржы қаралды.

Түркістан облыстық мәслихатының 2019 жылғы 9 желтоқсандағы «Түркістан облысы бойынша әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы» № 44/477-VI шешімімен Созақ ауданында

1) «Шолаққорған-Ыбырай-Қыземшек-Ыбырай-Шолаққорған»; 2) «Шолаққорған-Созақ-Қарақұр-Қаратау (Бақырлы)-Ақсүмбе-Тайқоңыр-Ақсүмбе-Қаратау (Бақырлы)-Қарақұр-Созақ-Шолаққорған»; 3) «Шолаққорған - Жуантөбе - Тасты-Шу -Тасты - Жуантөбе - Шолаққорған»;

4) «Шолаққорған-Аққолтық-Жартытөбе-Бабата-Жартытөбе-Аққолтық-Шолаққорған» маршруттары әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесіне енгізілген болатын.

2021 жылы жоғарыда аталған бағыттар бойынша, жолаушылар мен багажды автомобиль келігімен тасымалдау құқығына конкурстар ұйымдастырылған. Нәтижесінде: «Шолаққорған-Ыбырай-Қыземшек-Ыбырай-Шолаққорған»; «Шолаққорған-Созақ-Қарақұр-Қаратау (Бақырлы)-Ақсүмбе-Тайқоңыр-Ақсүмбе-Қаратау (Бақырлы)-Қарақұр-Созақ-Шолаққорған» бағыттары бойынша тасымалдаушылар анықталып, тасымалдаушылармен арнайы шарттар түзіліп, бағыттар тұрақты қоғамдық келіспен қамтылды.

Бұл бағыттар бойынша тасымалдаушылардың шығындарын 2022 жылға заңға сәйкес субсидиялау жоспарлануда.

-Кезек күттірмес қарқынды жұмыстардың бірі, көпшілік жиындарда көп айтылатын елді мекен ішіндегі көшелерді жарықтандыру жұмыстары туралы да айта отырсаңыз?

-Созақ ауданы бойынша елді мекен ішілік 343 көшенің қазіргі таңға дейін 104 көше жарықтандырылған. Оның ішінде мемлекеттік жекешелік әріптестік арқылы 74 көше жарықтандырылып, 34 көшесіне АСКУЭ және АСУНО таймер автоматтандырылған жүйелері энергия үнемдегіш және жарамдылық мерзімі ұзақ, экологиялық тиімді жарық диодты лампалармен алмастырылған.

Қалған 30 көше ауылдық округтері мен кенттері әкім аппараттарының теңгірінде. Аталған 30 көшенің



Ендігі осы қатты тұрмыстық қалдықтар тастайтын орындардың(полигон) жұмысы жайлы айтарыңыз болса?

-Аудан бойынша Шолаққорған, Жартытөбе, Құмкент, Созақ ауылдық округтерінде және Таукент, Қыземшек кенттерінде қатты тұрмыстық қалдықтар тастайтын орындар (полигон) бар.

Қарақұр, Қаратау, Тасты, Жуантөбе және Шу ауылдық округтеріне ҚТҚ тастайтын полигон салу үшін жер телімдері анықталып, мемлекеттік жер актілері рәсімделіп, полигондар құрылысын жүргізу үшін 2021 жылы жобалау-сметалық құжаттамалар әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындылары алынған. Жұмыс жобаларына бюджеттен қаржы бөлу үшін табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына сұраныс жолданып, тиісті құжаттары тапсырылды.

ҚАЙЫРЫ БАР ҚАШАНДА

күтіп ұстау жұмыстарын мемлекеттік жекешелік әріптестік арқылы жүргізу үшін қазіргі таңда қосымша келісім шарт түзу жұмыстары жүргізілуде.

Жарықтандыру жүйелерінің басқару тиімділігін арттырып, энергия үнемдегіш және жарамдылық мерзімі өткен құралдарды қымбатқа түсетін жоюды талап етпейтін экологиялық тиімді лампалармен жабдықталған құралдармен жаңғырту жұмыстары «Торлан-Строй» ЖШС-і мемлекеттік жеке әріптестік тетігі арқылы жүзеге асырылуда.

Аудан бойынша жарықтандыру шамдарын жағу және өшіру тетігі автоматтандырылған. 2021 жылы Шолаққорған ауылының Қазыбек би, Ордабасы, Аймұрзаев, Жылысбаев, Жәйшібеков көшесінің қалған бөлігі жарықтандырылды. 2022 жылы Ш.Оқшиев көшесіндегі жарықтандыру желілері жаңғыртылатын болады.

-Дулат Есалыұлы, өзіңізде білесіз аудан тұрғындарының кезектелген жиындағы ең көп қоятын сұрағы-электр энергиясына қатысты мәселелер туралы. Осы салада атқарылып жатқан жұмыстар барысын айтып өтсеңіз?

-2021 жылы Шолаққорған ауылының Тастыбаев көшесіне 1 трансформатор орнатылып, 2 шақырым СИП кабель жүргізілді. Оспанов көшесіне 500 метр СИП кабель жүргізілді. Сонымен қатар, Төреқұлов және М.Әуезов көшелеріне 2 трансформатор орнатылып, электр желілері жүргізіліп, тұрғындар сапалы электр қуатымен қамтылды.

Сонымен қатар, Жеткеншек елді мекенінің атауы жоқ №6 көшесіне 1 трансформатор орнатылып, СИП кабель жүргізілді.

Сондай-ақ электр энергиясына қатысты биылғы-2022 жылы атқарылатын жұмыстарында саралап өтер болсам, 2022 жылы Жартытөбе аулындағы С.Сейфуллин, Б.Төлебаев және Т.Әлімқұлов көшелерінің электр қуатын жақсарту мақсатында сметалық құжаттама әзірленіп, аудандық бюджеттік комиссияға сұраныс берілді. Ағымдағы жылы бюджеттен қаржы бөлінген жағдайда аталған көше тұрғындары сапалы электр қуатымен қамтылатын болады.

Сондай-ақ, аудан орталығы Шолаққорған ауылының А.Рахышұлы, Атамекен, Өркениет, Бірлік және Ынтымақ көшелері тұрғындарының

электр жарығының сапасының төмендігі туралы өтініштеріне сәйкес, қазіргі таңда аудан әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі тарапынан сметалық құжаттама әзірленуде. Алдағы уақытта қаржысы нақтыланып, бюджеттік комиссияға ұсынылатын болады.

-Осы тұста халық игілігіне бөлімнің жалпы жұмыстары бойынша атқарылып жатқан күрделі мәселелерге тоқталып өтсеңіз?

-Күрделі мәселелердің бірі Жеткеншек елді мекені жер асты суларының деңгейін төмендету үшін 2021 жылдың қыркүйек-қазан айларында 7 шақырымға жуық дренаждық желі қазылып, 16 өткел мен диаметр 400, 600, 800 және 1000 мм жалпы ұзындығы 125 метр труба

лалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санаты бойынша-98 адам; III топ – халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтары санаты бойынша-524 адам; IV топ – мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар санаты бойынша-184 адам; V топ – көпбалалы аналар санаты бойынша-266 адам;

VI топ-жалғыз тұрғын үйі еліміздің заңнамасында белгіленген тәртіппен авариялық жағдайда деп танылған азаматтар санаты бойынша адам тіркелмеген. Сонымен қатар, аудан әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің теңгеріміне бекітіліп берілген тұрғын үйлер саны-155 үй болса, оның ішінде қызметтік үйлер саны- 54. Ау-

Сызған ауылдық округіндегі қатты тұрмыстық қалдықтар тастайтын полигонның жобалау сметалық құжаттамасының жарамды мерзімі өтуіне байланысты аудан әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі арқылы түзету (корректировка) жұмыстары жүргізілуде.

Шолаққорған ауылы мен Таукент, Қыземшек кенттерінде орналасқан қатты тұрмыстық қалдықтар тастайтын полигондар «Созақ Сәулет» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына сенімгерлік басқаруға берілсе, Жартытөбе, Құмкент және Созақ ауылдарында орналасқан полигондар тиісті ауылдық округ әкімдіктерінің меншігінде.

Аудан бойынша ҚТҚ тастайтын полигондарға қоршаған ортаға эмиссиялық рұқсат қағаздары рәсімделіп, экологиялық және санитариялық талаптарға сәйкестендірілген.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі арқылы Шолаққорған, Таукент, Қыземшек кенттерінің санитарлық тазалығы жүзеге асырылуда.

-Биылғы қыс ауыл, кент тұрғындары үшін анау айтқандай аса қолайсыздық тудыра қоймады. Жалпы жылыту маусымына дайындықтарыңыз қалай болды? Алдымызда тағы да амандық болса қыс қайта айналып келері хақ?

-Аудан бойынша 2021-2022 жылдарға жылу беру маусымы 2021 жылдың 15 қазанынан басталған. Аудан тұрғындарына қажетті 27500 тонна қатты отын тасымалданған. Сонымен қатар, 2021 жылдың ақпан айынан бастап, Таукент және Қыземшек кенттеріндегі жылумен жабдықтау жүйелері ауданның коммуналдық меншігіне қабылданған.

2021-2022 жылдардағы жылыту маусымында Таукент және Қыземшек кенттері тұрақты жылумен қамтылуда.

-Дулат Есалыұлы арнайы сұқбат беруге келісіп, көпшіліктің көкейлерінде жүрген сауалдарға нақты, әрі шынайы жауап бергеніңіз үшін рахмет?

-Мақсат аға, сізге де рахмет! Еңбектеріңізге шығармашылық табыстар тілеймін!

**Сұқбатты әзірлеген:
Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.**



қойылды.

Сонымен қатар, жергілікті бюджет есебінен Шолаққорған ауылына Түркістан бағытынан кіреберіс автомобиль жолына арқа орнатылып, пайдалануға берілді.

-Өзекті де өміршең мәселелердің бірі коммуналдық тұрғын үйлер мен тұрғын үй кезегі қоғамдағы жанды сауалдардың бірі. Осы түйінді мәселені қалай шешіп жатырсыздар?

-Бүгінгі таңда аудан бойынша тұрғын үй кезегіне 1072 адам тіркелген болса, кезектілік тізімі Заңға сәйкес алты топқа бөлінген. Атап айтқанда, I топ – Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларының санаты бойынша қазіргі таңда тіркелмеген; II топ – жетім ба-

дан бойынша жалпы 46 көпқабатты тұрғын үй болса оның 43 көпқабатты тұрғын үй кондоминиум нысаны ретінде тіркелген. Атап айтқанда Қыземшек кентіндегі 25 көпқабатты тұрғын үй және Таукент кентіндегі 14 көпқабатты тұрғын үй Шолаққорған ауылындағы 4 көпқабатты тұрғын үй. Ал қалған үш көпқабатты тұрғын үй коммуналдық меншікте болуына байланысты кондоминиум құру мүмкін емес. Қазіргі таңда Созақ ауданы бойынша 35 жай серіктестік құрылды.

-Ауданымызда көркейту-көгалдандыру, тазалық айылығы ақпан айынан басталып кетті. Аудан басшысы біршама жұмыстарға дұрыс бағыт-бағдар беруде. Оны БАҚ беттерінен оқып, біліп отырмыз.

Жуантөбе ауылдық округі әкімі қызметіне үміткер Сабеков Бақытжан Анетбекұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

Сабеков Бақытжан Анетбекұлы 1987 жылы 24 маусымда Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылында дүниеге келген. Ұлты қазақ. Білімі жоғары.

2012 жылы Шымкент қаласындағы “Қазақстан халықтар Достығы” университетінің “Педагогика және психология” мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2014 жылы аудан орталығы Шолаққорған ауылында орналасқан А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінде шеберхана меңгерушісі қызметін осы күнге дейін атқарып келеді.

Ауылдық округ тұрғындарымен тығыз қарым-қатынаста болып, олардың әлеуметтік жағдайының жақсаруына, талап-тілектерінің орындалуына, округтің көркеюі жолында адал қызмет ету.

1. Адамның басты капиталы-білім. Осы тұрғыда округтегі білім беру ұйымдарымен үнемі байланыста болып, оқушылардың түрлі деңгейдегі байқауларға қатысуларына жағдай жасайтын боламын.

2. Округ тұрғындарын рухани қолдау бағытында ауыл кітапханасымен мәдениет үйі жұмыстарының жандануын назарда ұстай отырып, тиісінше қолдау көрсетемін.

3. Аз қамтылған, көп балалы отбасыларды, мүмкіндігі шектеулі жандарды назардан тыс қалдырмай, қамқорлық жасаймын.

4. Болашақ жас ұрпақтың еншісінде. Демек, ауыл жастарының спортпен шұғылданып, түрлі жарыстарға қатысуларына жағдай жасайтын боламын.

5. Ауылдық округтегі инфрақұрылымды дамытуға, ішкі жолдарды жөндеуден өткізуге, ішкі көшелерді жарықтандыруды қамтамасыз етуге жұмыс жасаймын.

6. Құқық бұзушылықтың алдын алу, қылмыспен күресу мақсатында ішкі істер қызметкерлерімен, ауыл белсенділері, ақсақалдар, ерікті жасақтармен бірлесіп жастар арасында үнемі тиісті жұмыстар жүргіземін.



Жуантөбе ауылдық округі әкімі қызметіне үміткер Руслан Арқарбекұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

Руслан Арқарбекұлы 1988 жылы 22 маусым күні Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Қарақұр ауылында дүниеге келген. Ұлты қазақ. Білімі жоғары.

2010 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетін және 2013 жылы Халықаралық гуманитарлық техникалық университетін бітірген.

2011 жылы еңбек жолын Қарақұр ауылы әкімі аппараты мемлекеттік мекемесінде техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын қызметші, ОҚО, Созақ ауданы, Қарақұр ауылы.

2013 жылдан, қазіргі таңға дейін Қарақұр ауылдық округі әкімі аппаратының әскери есеп столы жөніндегі бас маманы қызметін атқарып келеді.



Мен тұрғындардың әл-ауқатын және ауылдың әлеуметтік жағдайын жақсартуға барлық тәжірбиемді және шараларды, білімімді қосамын.

- Тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға және олардың жұмыспен қамту үшін шараларды қамтамасыз ету мақсатында ауылдық округтің экономикасын дамыту;

- Халықтың әл-ауқатын көтеру бағытында жұмыс жасап, әлеуметтік мәселелерді үнемі назарда ұстау;

- Ауылдық округтің санитарлық тазалығын үнемі бақылауда ұстап, көгалдандыру мен абаттандыруға жұмыс жасау менің сайлау алды бағдарламамның басты шарты.

- Ауылдық округтегі кәсіпкерлер, шаруа қожалықтарымен тығыз байланыста болып, округтің мәдени, қоғамдық жұмыстарына белсенді араласуларын ұйымдастырамын.

Құрметті жерлестер Сіздерді 03 сәуір күні өтетін сайлауға қатысып дауыс беруге бір кісідей атсалысуға шақырамын.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2022 жылдың 3 сәуіріне тағайындалған Жуантөбе ауылдық округі әкімінің тікелей сайлауын өткізуге «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 19-бабының 8-тармағы негізінде тағайындалған учаскелік сайлау комиссияларының құрамдары

К/С	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау учаскесі орналасқан нысанның (дауыс беруге арналған үй-жай) атауы және мекен-жайы	Сайлау учаскесі орналасқан нысанның мекен-жайы			Сайлау комиссиясының құрамы, қай партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен ұсынылған
			Орналасқан жері Елді мекені	Көше	Үй	
1	2	3	4	5	6	7
1	715уск	Жуантөбе учаскесі Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Жуантөбе ауылдық округі Жуантөбе елді мекені	Б.Достайұлы	35	Сейтқазиева Бақтыгүл Ғаниқызы – комиссия төрайымы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 19-бабының 8-тармағы негізінде тағайындалған Қалекей Гулзипа Төрегелдіқызы – комиссия мүшесі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 19-бабының 8-тармағы негізінде тағайындалған Әлібек Эльмира Есенгелдіқызы – комиссия мүшесі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 19-бабының 8-тармағы негізінде тағайындалған

Хабарландыру

«Уранкуат» ЖШС-нің Таукент филиалы тұтынушылардың алдында 2021 жыл бойынша жылдық есеп беру жайында, жария тыңдау болатынын хабарлайды.

Жылдық есеп тұтынушылардың алдында төмендегі қызмет көрсету түрлері бойынша өткізіледі:

- Электр энергиясын тасымалдау;
- Суды беру және сарқынды суды бұру;
- Жария тыңдау мына мекен жайда өтеді: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті, Қанжуған кеніш аймағы, «Уранкуат» ЖШС-нің Таукент филиалының ғимаратында, 2022 жылы 14 сәуір сағат 15-00 де өткізіледі.

Жарамсыз деп танылсын

Дастанұлы Хаймділданың иелігіндегі «Nissan Patrol» маркілі автокөлігінің KZ 206 ALZ/13 санды мемлекеттік тіркеу белгісі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Мүсәлім Нұрым Шекербекұлының иелігіндегі 1993 жылы шығарылған «Mitsubishi Pajero» маркілі автокөлігінің KZ 049 ZRZ/13 санды мемлекеттік тіркеу белгісі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Асқа шақыру

Қыземшек кентінің тұрғыны, анамызға адал жар, ұл-қыздарына ардақты әке, ағайын-туыстарына қимас бауыр Құдияров Тағабектің өмірден озғанына қырық күннің жүзі болды.

Асыл әке, аяулы әке шуағым,
Шашушы еді ұл-қызына шуағым.
Алла берген ғұмырыңда сен бізге,
Жаып кеттің мәнді өмірдің шырағын.
Жанарлардан мөлдір тамшы құйылып,
Нар өмірдің өттің сырғын ұғынып.
Рухыңа арнап құран бағыштап,

Ас береміз ағайыңға жиылып, -дей отырып, әкеміз Тағабектің рухына бағыштап 1 сәуір қонақ асы өз шаңырағында, 2 сәуір қырық күндік асы Қыземшек кенті «Заңғар» дәмханасында өтетінін ағайын-туыс, құда-жекжат пен достарының, әкеміздің көзін көрген замандастарының есіне саламыз.

Асқа шақырушылар жұбайы, ұл-қыздары, күйеу балалары мен келіндері.

Жатқан жерің жайлы болсын жан әке

Шолаққорған ауылының тұрғыны, ардақты әке, асыл жар, ағайын-туыс пен дос-жаранның ортасында сыйлы болған асқар таудай әкеміз Күннараров Сабырбай Байтайұлының арампаздық мәңгілік мекеніне кеткеніне де жылдың жүзі болып қалды. Әкеміздің жарқын бейнесін сағыныспен еске аламыз.

Әкейтайым, асқар таудай тірегім,
Біздер үшін адал еді жүрегің.
Жайтқан жерің жайлы болсын жан әке,
Топырағың торқа болсын тілерің, - деп, әкеміз Сабырбай Байтайұлының рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 1 сәуір күні (31 мамыр – қонақ асы) Шолаққорған ауылы, А.Байтұрсынов көшесіндегі №6 үй, өз шаңырағында беріледі. (Карантин талаптарын сақтай отырып).

Асқа шақырушылар: Күннараровтар әулеті, жары, ұл-қыздары мен немерелері.

Аудандық «Созақ үні» газетінің ұжымы осы редакцияның дизайнері Асхан Бақтыбаевқа әкесі

Жылқайдарова Ақмаралдың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Аудандық «Созақ үні» газетінің ұжымы осы редакцияның тілшісі Нұрсұлтан Шертаевқа ағасы

Әлидің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы ұжымы және Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінің ұжымы осы мектептің мұғалімі Жылқайдарова Мираға сіңілісі, Есбергенов Қуанышқа нағашы әкесі

Жылқайдарова Ақмаралдың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Жемқорлықсыз болашаққа

Сыбайлас жемқорлық – тәуелсіз Қазақстанның, бүгінгі қоғамның өзекті де күрделі мәселелерінің бірі. Тек Қазақстан емес, бұл индет әлемнің қай-қайсы елінде болса, сол елдің қасірет шегері хақ.

Қазақстан Республикасының Президенті өз жолдауында «Аса маңызды міндет – сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру. Әкімшілік реформа қажетсіз қағазбастылық пен құжат айналымының қолайсыз

үдерісіне айналмауға тиіс. Халық алдында есептілігін арттырып, нәтижеге деген жауапкершілігін күшейте отырып, жергілікті жерлердегі басқару органдарына көбірек дербестік беру керек» - деп сыбайлас жемқорлықпен күрестің мән-маңызына тоқталып өткен болатын.

Сыбайлас жемқорлық қоғамды әділетсіздікке ғана ұрындырып қоймай, елдің экономикалық жүйесінің қауіпсіздігіне, тұрақтылығына, экономикамыздың дамып, жетілуіне кереғар әсерін тигізеді, халықаралық деңгейде елдің жағымсыз имиджін қалыптастырады.

Сыбайлас жемқорлық – индет, оны жою міндет екендігін әрбір азамат пен азаматшалар түсініп,

қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейін арттыру үшін сыбайлас жемқорлықпен күресті әр адам өзінен бастауы қажет деп ойлаймын. Әл-Фараби аңсаған қайырымды қаланы, кемел мемлекетті қалыптастыру үшін қоғамда, елде болмауы керек бір маңызды дүние болса, ол – жемқорлық. Елдегі бұл ауыр индетті жою үшін күресті өзімізден, айналамыздан бастап, нәтижеге қол жеткізуге, жемқорлықты жою үшін аянбай күресу – әрбір қазақстанның азаматтың азаматтық та, адамзаттық та парызы.

Бақдәулет ӘБІШ,
Құмкент ауыл әкімінің кеңесші-іс басқарушысы.

QR-кодтың көмегімен SalyqBot ашыңыз

Халыққа салық және кеден мәселелерін түсіндіру, хабардар болуын жақсарту және кері байланыс алу бойынша жедел көмек көрсету мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің Мемлекеттік кірістер комитеті 1 наурыздан бастап @ «SalyqBot» сілтемесі бойынша (немесе t.me/salyqbot тікелей сілтеме бойынша) Telegram-да Чат – ботты іске қосты.

Енді Чат–ботты төменде орналасқан QR-кодты (төменде орналасқан) пайдалану арқылы «Salyq Bot» қосымшасына автоматты түрде ауысып пайдалану жеңілдік және ыңғайлы болады, ол үшін телефон камерасын немесе кез келген браузер кмеасын (Google, Яндекс және т.б) жақын ұстау жеткілікті.

«Электрондық салық амияны» «E-salyq-Azamat» мобильді қосымшасы

Қазақстан Республикасының Қаржы министрілігінің Мемлекеттік кірістер комитеті 2020 жылдан ел азаматтары үшін e-salyq Azamat мобильді қосымшасын іске қосты.

Бұл мобильді қосымшада жеке тұлғалардың салық міндеттемелерін орындауына арналған түрлі сервистер жинақталған.

Мобильді қосымшаның қызметтері туралы:

- Сіз телефонды қолдану арқылы сізге ыңғайлы күн мен уақытты таңдай аласыз;
- Жер, мүлік, көлік салықтарын төлей алады,
- «Электрондық кезекті Онлайн брондау» сервисі
- Шетелге шығуға тыйым салуды тексеру,
- Декларацияны тапсыру: 250, 270, 240, 700.
- (Айыппұлды тексеру, БЖТ төлеу, салық төлеушілерді іздеу, тоқтату туралы мәліметтер, шағымдардың электрондық кітабы, салық күнтізбесі, жиі қойылатын сұрақтар, анықтамалықтар)
- Аудан тұрғындарын e-salyq Azamat мобильді қосымшасын жүктеуге шақырады

Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.

Қоғам дертімен күресейік!

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сенім тапсырылған бөтен мүлкіті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні бәрімізді алаңдатады.

М.СЕЙДУЛДАЕВ,
Азаматтарға арналған үкімет» МК КЕ АҚ Түркістан облысы бойынша Созақ аудандық халыққа қызмет көрсету бөлім маманы.

Орман өртіне абай болайық!

Сіз бен біз өзіміз өмір сүріп отырған қоршаған ортаға өле-өлгенше қарыздармыз. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер анамыздың сәнін беріп тұрады. Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі –таза ауа екені баршамамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парызымыз орындалғаны болар еді.

Қанатжан ШӘРІПХАНОВ,
Созақ орман шаруашылығы мекемесінің қорықшы-күзетшісі.

Кәмілжан Рысметов есімі Теріскей өңіріне жақсы таныс. Оның үстіне ұстаздар қауымынан шыққан азамат ретінде, Кәмекеңнің ата-анасы туралы Созақ жұртшылығының басым бөлігі- көзкөрген, замандас, шәкірт ретінде Айтымет ағамыз туралы мол деректерге қанықтыра алады. Расында сонау соғыстың арғы-бергі уақыттарында ұстазға деген құрмет зор болатын. Сол уақыттағы көзі қарақты азаматтар өздерінің ұстаздарымен мақтанатын. Оның айтқан әрбір сөзін, тағылымды әңгімелерін, қалдырған қолтаңбалары мен естеліктерін жыр ғып айтып беретін. Ол үрдіс негізінде ескі әңгімелерді көне де тарихи шаһар Созақта тіршілік ететін, көзі тірі бірді-екілі кісіден естуге болады. Кәмілжан ағамызбен ауданда, мектептерде өткен түрлі шаралар барысында таныстық. Кейін Кәмекең аудандық газетпен тығыз байланыста болып түрлі ауқымдағы, алуан

жата алмайтын адам. Қоғамымызда болып жатқан түрлі ауқымдағы мәселелердің ортасында жүретін де осы кісі. Қозғайтын мәселелері жеке бастың, әулет пен ағайынның төңірегінде емес. Осы өзіміз өмір сүріп отырған қоғамның түйткілді тіршілігін қозғау, оның қимылдауына жан бітіру, тірілту, ояту сияқты өзекке шоқ түсірер күрделі жайлардың басы-қасынан табылып жүреді.

Айтыметұлы Кәмілжан аға 1959 жылы 23 наурызда Созақ ауылында мұғалімнің отбасында дүниеге келген.

1966 жылы Созақ ауылындағы Әлішер Науайы атындағы орта мектептің 1-ші сыныбына қабылданып 1976 жылы осы мектепті үздік аттестатпен бітірген.

1976 жылы Ташкент қаласындағы Низами атындағы



басылы, үш ұл, бір қыздың әкесі, сегіз немеренің атасы. Кеше ғана аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков мерейтой иесін айтулы шарамен құттықтап құттықтау хат жолдап, шығармашылық иесіне толайым табыстар тіледі.

Кәмілжан аға алдыңғы толқын, аға буын санатында парасаттылық сапынан қалмай, халқымыздың рухани бірлігін нығайту, ауызбіршілігі мен ынтымағын насихаттауда, жастарға мол тәрбие беріп келеді. Ұлағатты ұстаз кешегі партия-кеңес қызметінде де абыройлы қызмет атқарып, ауданның мәдени-ағарту салаларында елеулі із қалдырды.

«Ұстаз болу-ұлы мұрат» десек, Кәмекең алдағы уақыттарда мектептен қол үзбей, алтын ұя мектебіне жиі барып, бойдағы күші мен теңіздей терең білімін жас ұрпақтың жолына жұмсай береді деп сенеміз. Қауырсын қаламын қолынан тастамай еліміздің саяси,

ПАРАСАТТЫ ҰСТАЗ ПАЙҒАМБАР ЖАСЫНДА

Биігіне шықтың асқақ арманның

*Он ойланып, тоқсан тоғыз толғандым,
Шабыттанып, қыран құстай қомдан-
дым.*

*Кәмілжан дос, өзің жайлы жарқын жыр
Жазбақ болып қаламымды қолға алдым.*

*Көкірегінде қуаныштан басым мұң,
Айтып жүрген сөз бен істің ашығын.
Елдің мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған,
Бірі сенсің мақтан тұтар досымның!*

*Өрге шапқан арғымақтай арындап,
Жасыңнан-ақ от боп жандың жалындап.
Қызмет етіп басшылықта ұзақ жыл,
Көрмедің бір сәл тыныстап, дамылдап.*

*Ұзақ уақыт саласында білімнің,
Еңбек етіп ел аузына іліндің.
Жеткіншекті сусындатып біліммен,
Не екенін білмедің бір тынымның.*

*Жарқылына мойын бұрмай жалғанның,
Тар соқпақты шындық жолын таңдадың.
Арқасында еңбегіңнің қажырлы,
Биігіне шықтың асқақ арманның.*

*Өттің талай қиын асу, белден де,
Болды сәттер жеңілген де, жеңген де.
Көптің алғыс-құрметіне бөленіп,
Төсбелгілер сыңғыр қақты кеудеңде.*

*Қаламыңды қысып ұстап бармағың,
Толғандыра берсін жұртты толғамың.
Жайқала өсіп бау-шарбағың, орманың,
Нығметіне бөлене бер Алланың!*

**Байділдә АЙДАРБЕК,
ұстаз.**

тақырыптарды, түрлі мәселелерді қозғайтын мақалаларымен таңдандыра түсті. Оның үстіне Кәмілжан ағамыз қол қусырып, қарап

мемлекеттік педагогика институтының «Жаратылыстану» факультетіне география мамандығы бойынша оқуға түсіп 1980 жылы «үздік» дипломмен аяқтаған.

Еңбек жолын 1980 жылы Созақ ауылындағы Ә.Науайы мектебінде география пәнінің мұғалімі болып бастаған.

1987-89 жылдарда Созақ аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінде нұсқаушы, үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары лауазымдарында істеген. Сол жылдары Алматы қаласындағы Еңбек Қызыл ту орденді Қазақ ауылшаруашылығы институтында сырттай оқып 1989 жылы экономист-ұйымдастырушы мамандығын алған.

1990 жылы отбасылық жағдайымен Ташкент қаласына қоныс аударған.

2005 жылдан Сызған ауыл әкімдігіне қарасты Қайнар ауылындағы А.С.Макаренко атындағы жалпы орта мектебінде педагог-психолог маманы болып қызмет атқаруда.

2011 жылы Шымкент әлеуметтік педагогика университетін педагог-психолог мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек еткен 1980-87 жылдары ауданның мәдени-ағарту саласына көптеген еңбегі сіңген. Рысметовтар отбасылық ансамблімен мәдени шараларда белсене қатысып, облыстық байқауда ауданымыздың намысын қорғаған. 1986 жылы Созақ аудандық көркем өнерпаздарының құрамында «Қазақстан» телеканалына бейнежазбаға түскен.

Білім беру саласында еңбек еткен жылдары еңбегі аудан, облыс, республика көлемінде бағаланып, түрлі марапаттармен марапат-

талған. Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері. 2005 жылдан Созақ аудандық «Созақ үні» газетінің штаттан тыс тілшісі. 2014 жылдан Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі. Үш авторлық кітаптары жарық көрген. Көптеген мақалалары республикалық түрлі басылымдарда жарияланған. «Созақ энциклопедиясы» ақылдастар алқасының мүшесі. Қазақстан психологтар қоғамының және Қазақстан кәсіби медиаторлар мен құқықтық кеңесшілер қауымдастығының мүшесі, кәсіпқой медиатор. Фейсбук әлеуметтік желісінің белсенді қолданушысы ретінде ауданымыздағы түйткілді мәселелерді көтеріп, шешілуіне атсалысып келеді. От-

экономикалық өміріндегі өзгерістерді тереңдету жолына жұмсап келе жатқан азаматтың күш жігері ешқашан да сарқылмасын.

«Созақ үні» газеті, аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімі, «Құлыншақ Кемелұлы атындағы шығармашылық бірлестігі» ұжымдары атынан газетіміздің штаттан тыс тілшісі, қарымды қаламгер Кәмілжан ағамызға мықты денсаулық, отбасына береке, баянды бақыт, шығармашылық табыстар тілейміз!

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі.**



Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:

**Абилпаттаев Ержан
БАКЫТЖАНОВИЧ**

**Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
САЙЛАУБЕКҰЛЫ**
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы-

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3900 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.